

2001 жылғы 28-30 мамырда Астана қаласында Қазақстан Республикасында тұратын этникалық немістер мәселелері жөніндегі қазақстан-герман үкіметаралық комиссиясының бесінші мәжілісін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 мамыр N 724

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы қазақстандық немістерді қолдау жөніндегі ынтымақтастықты жандандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 28-30 мамырда Астана қаласында Қазақстан Республикасында тұратын этникалық немістер мәселелері жөніндегі қазақстан-герман үкіметаралық комиссиясының (бұдан әрі - Комиссия) бесінші мәжілісі өткізілсін.

2. Қоса беріліп отырған Комиссияның Бесінші мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдар (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар Жоспардың іске асырылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша) ресми делегация мүшелерін, сондай-ақ өз есебінен келетін сарапшылар мен бірге жүретін адамдарды орналастыру мен оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2001 жылға

арналған республикалық бюджетте "Өкілдік шығыстар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен Комиссияның бесінші мәжілісін өткізуге арналған шығыстардың қаржыландырылуын қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 26 мамырдағы
N 724 қаулысымен
бекітілген

2001 жылғы 28-30 мамырда Астана қаласында Қазақстан Республикасында тұратын этникалық немістер мәселелері жөніндегі қазақстан-герман үкіметаралық комиссиясының бесінші мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

р/с! N !	Іс-шараның атауы !	! Орындалу мерзімі ! ! жауаптылар	Орындалуына
1	2	3	4
1	Делегацияның болуы бағдарлама. сына сәйкес ұйымдық-протоколдық шараларды қамтамасыз ету	28-30 мамыр	МАКМ, СІМ
2	Астана және Алматы қалаларының әуежайларында делегацияны күтіп алу мен шығарып салуды ұйымдас. тыру	28-30 мамыр	МАКМ, СІМ, Астана және Алматы қала. ларының әкімдері
3	Делегация мүшелерінің жүру бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ әуежайда, тұратын және баратын жерлерінде қауіп. сіздігін қамтамасыз ету	28-30 мамыр	ІІМ
4	Делегация басшысының Қазақстан Республикасының ресми адамдары. мен екі жақты кездесулерін ұйымдастыру	28-30 мамыр	МАКМ, СІМ
5	Қазақстан Республикасы Үкіметі. нің атынан ресми кешкі қонақасы беруді өткізу	29 мамыр нің ІБ (келісім бойынша)	МАКМ, СІМ, ҚР Президенті.
6	Комиссияның жұмысы туралы есеп дайындау	15 маусымға дейін	МАКМ, СІМ

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК